

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Қазақстан тарихы және саяси-әлуметтік пәндер
кафедрасы

Баяндама

Тақырыбы: **Мемлекеттік әнұран**

Орындаған: Торакулов З.С.

Тексерген: Әлиева М. Т.

Қарағанда 2010 ж

Мемлекеттік әнұран

Әнұран - бұл дыбыстық рәміз, әлеуметтік-саяси бірігуде және еліміздегі азаматтарды этномәдени біртұрпаттылықта айтарлықтай мағына береді.«Гимн» терминінің өзі гректің «gimneo» сөзінен алғанда «салтанатты ән» дегенді білдіреді.

Кез-келген халықтың тарихында музыкалық шығармалар бар, ол тарихтың белгілі бір уақытында халықтың гимні болған. Осындай ән қазақ халқында да бар. Ол Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының ауыр тауқыметін көрсетуге арналған «Елім-ай» әні, оны XVIII ғасырдың атақты батыры, ақын-сазгер Қожаберген жырау Толыбайұлы жазған.

Қазақстан Ресей империясының құрамында болған кезде қазақтардың бірыңғай әнұраны болмады. Қазақтарды ұлт-азаттық көтерілістерге қарсы қайсар ерлікке рухтандыратын ақындар мен жыраулардың жеке әндері ғана болды.

- Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақтардың бірнеше ұрпақтарының көпғасырлық арманы - азаттық пен зайырлылықты бейнелейтін жаңа әнұранын әзірлеу қажеттігі туындады.

Соған байланысты 1992 жылы республика гимнінің мәтіні мен әніне конкурс жарияланды. Комиссия іріктеуіне барлығы 750 жоба келіп түсті. Конкурста төрт атақты ақын: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және ақын Жадыра Дәрібаевалар жеңіске жетті. Қазақстан әнұранының әнін алғаш жазған авторлар Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди.

2006 жылы жаңа Мемлекеттік әнұран қабылданды.

Жаңа әнұранның негізі өткен ғасырдың екінші жартысының елуінші жылдарындағы бақытты өмірді жырлаған, халыққа танымал патриоттық ән - «Менің Қазақстаным». Бұл ән - жалынды жастықтың әнұраны, халық жанының нағыз поэмасы болып танылған.

- 2006 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Мемлекеттік нышандар туралы» Жарлыққа түзетулер енгізілді. Еліміздің жаңа әнұраны болып атақты ән - «Менің Қазақстаным» («Мой Казахстан») болды. Әуенін Шәмші Қалдаяқов, сөзін Жұмекен Нәжімеденов жазған ән ондаған жылдар халық арасында кеңінен таралды. Қазақстан әнұранының сөзін уақыт өлшемімен үндестірген бірлескен автор - еліміздің Президенті.

Парламент палаталарының депутаттары бірауыздан осы идеяны қолдады. Бұдан кейін жаңа әнұран 2006 жылғы 7 қаңтардағы "Конституциялық заң күшіне ие «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Елбасы қол қойған № 112-III ҚРЗ Қазақстан Республикасының конституциялық заңмен бекітілді. 2006 жылдың 10 қаңтары - ресми жариялау күні - тарихқа еліміздің жаңа әнұранының туған күні ретінде жазылып отыр.

Музыкалық-поэзиялық нышанның алғашқы ресми орындалуы «Ақ Орда» Президент сарайында Астанада еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ресми инаугурациясы кезінде болды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының авторлары болып Шәмші Қалдаяқов, Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев табылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің
елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып
төгілемін, елім!
Туған жерім менің -
Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Keң байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін,
елім!
Туған жерім менің -
Қазақстаным!

- Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік әнұранының
авторлары болып Шәмші
Қалдаяқов, Жұмекен
Нәжімеденов, Нұрсұлтан
Назарбаев табылады.

- Шәмші Қалдаяқұлы Қалдаяқов - композитор, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Жастар одағы сыйлығының лауреаты. 1930 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Шәуілдір ауылында дүниеге келген. Қапланбек зооветеринарлық техникумын, Ташкенттегі Хамза Ниязы атындағы музыкалық училищені, Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы консерваторияны бітірген.
- Композитордың шығармалары «Әндер», «Бақыт құшағында», «Шәмшінің әндері», «Шәмші» атты жәке әндер жинақтарында шығарылған.

- Жұмекен Сабырұлы Нәжімеденов - белгілі ақын, Жастар сыйлығының лауреаты. 1935 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданының Қошалақ ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы консерваторияны халық аспаптары класы бойынша, Мәскеуде М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғарғы әдебиет курсын бітірген. «Жазушы» баспасында, «Лениншіл жас» газетінде, Қазақстан Жазушылары одағында, Баспа қызметі жөніндегі мемлекеттік комитетте және «Мектеп» баспасында жұмыс істеген.
- «Балауса», «Сыбызғы сыры», «Өз көзіммен», «Жоқ, ұмытуға болмайды», «Жарық пен жылу» және т.б. шығармалары бар.

- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі. 1991 жылдың желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының Президенті.
- Көптеген ғылыми және әдеби еңбектердің авторы: «Қазақстан экономикасы ақиқат және қалыптастыру мүмкіндіктері», «Әділеттің ақ жолы», «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде» және тағы басқа кітаптар. Халық арасында танымал «Менің елім», «Үш қоңыр», «Жерім менің» патриоттық әндердің сөзінің авторы. Еңбектері мен шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

- Назар салып

ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!